18. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, мемлекеттік үлгідегі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 55) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

19. "Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12

қаңтардағы № 18 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13067 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 57) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережеде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 57) тармақшасына сәйкес әзірленді."

20. "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13085 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

аталған бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 20) тармақшасына сәйкес білім алушыларды сапалы мектеп формасымен қамтамасыз ету мақсатында әзірленді."

21. "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 54) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 116-бабының 2) және 3) тармақшаларына, 119-бабына,

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 54) тармақшасына сәйкес әзірленді және дуальды оқытудың ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағида меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарына, дуальды оқытуға қатысатын оқу орталықтарына, кәсіпорындарға (ұйымдарға) таратылады.";

22. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды айқындайтын "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 22) тармақшасына сәйкес әзірленген."

23. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 93) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

24. "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларында:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау тәртібін айқындайды.";

29-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"29. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға Ұйым осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тақырыпты және сағат көлемін көрсете отырып, біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес сертификатқа қосымша береді.

Сертификат арнайы қорғау дәрежесін талап етеді және "Арнаулы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімін берушіні айқындау, сондай-ақ одан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 815 қаулысына сәйкес сатып алынады.".

25. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13288 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 26) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 26) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде электрондық нысанда қамтамасыз ету тәртібін айқындайды."

26. "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 89) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартында:

3-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органмен әзірленген Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес білім алушының білім, білік, дағдыларын игеруін қамтамасыз етуге;"

27. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердегі қажеттілігін болжау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13307 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 60) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бұйрықпен бекітілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердегі қажеттілігін болжау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 60) тармақшасына сәйкес әзірленді."

28. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 53) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 53) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 118-бабына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) белгілеу тәртібін айқындайды.";

31-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"31. Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы Заңның 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мамандықтың күрделілігіне байланысты айқындалады."

29. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Көру қабілеті бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зерде бұзылысы бар балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына, 14-бабының 1-тармағына және 19-бабына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39) тармақшасына және 14-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.".

30. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16137 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 75) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 75) тармақшасына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін есептеуде бірыңғай тәсілдемені айқындайды және білім беру ұйымының жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемі мен мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін жоспарлау үшін қолданылады."

31. "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17540 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 59) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 59) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу тәртібін айқындайды."

32. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17564 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және оның аумақтық органдары:

1) лицензиаттың өтініші негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары бойынша бұрын берілген білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияларға қосымшаларды осы бұйрыққа сәйкес қайта ресімдеуді қамтамасыз етсін;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияларға қосымшаларды қайта ресімдеу кезінде осы бұйрықты және білім беру саласындағы уәкілетті органның әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа алсын."

33. "Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру ұйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанына қайта ұйымдастыру үшін өлшемшарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17449 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 94) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

34. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТЖКОББ) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды."

35. "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 599 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17766 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 91) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді

және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 91) тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында

тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) қалыптастыру тәртібін айқындайды.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Занды күшіне енген сот шешімі негізінде конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастырады.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды беруші (әлеуетті берушінің) тарапынан бұзушылық фактілерін білген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өнім берушіні жосықсыз өнім беруші деп тану туралы сотқа жүгінеді.";

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларына қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын."

36. "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 ақпандағы № 65 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20050 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 3-тармағына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 3-тармағына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларға бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының (бұдан әрі – объектілер) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру тәртібін айқындайды."

37. "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 88) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

38. "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20567 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін айқындайды."

39. "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесінде:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі".

40. "Бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 567 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22029 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 37) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 37) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру саласындағы "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде орта білім беру объектілерін салуды және/немесе реконструкциялауды қаржыландыруды қоспағанда, орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру үшін қолданылады."

41. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № 221 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22776 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жұмысын ұйымдастыру қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәртібі".

42. "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22857 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 82) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесінде тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі";

бірінші бөлім жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған нәрселер мен заттар*:";

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында және олардың аумақтарында пайдалану үшін шектелген заттар мен заттардың тізбесі*:

1) оқу сабақтары кезінде (әскери, арнаулы оқу орындарын және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын қоспағанда) ақпаратты тасымалдау функциялары бар мобильді байланыс құрылғылары (пейджер, планшеттер, смартфондар***, iPad (Айпад), iPod (Айпод), плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер));

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 026/у нысанындағы дәрігерлік - - консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша тағайындалған препараттарды қоспағанда, дәрілік препараттар (әскери, арнаулы оқу орындарының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының аумағында пайдалану жағдайларын қоспағанда).";

ескертуде:

бірінші жол жаңа редакцияда жазылсын:

"* мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері үшін";

43. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25128 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбына орыс тілде өзгеріс енгізіледі, мәтін қазақ тілінде өзгермейді ;

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 78) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 78) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын (бұдан әрі – бірінші басшылар) ротациялауды жүргізу тәртібін айқындайды."

44. "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27415 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

45. "Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 185 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27968 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 60) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

46. "Соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 326 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28848 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 32) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

47. "Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28915 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

48. "Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 29 шілдедегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

49. "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 49) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларында :

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 49) тармақшасына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін айқындайды."

50. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 84) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі".

51. "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31053 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 62) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 62) тармақшасына сәйкес әзірленді."

52. "Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 491 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31060 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 67) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау тәртібін айқындайды."

53. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 497

бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31134 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға арналған өтемақыны төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары";

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар

үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) жол жүру өтемақысы - мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеу үшін берілетін ақшалай төлем;"

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар жыл сайын каникул кезеңі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен жүргізеді.

Жол жүру ақысы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне сәйкес қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жол жүруді растайтын құжаттар (жол жүру билеті мен отырғызу талонының, автобуспен жол жүрген кезде тек жол жүру билетінің) болған жағдайда төленеді.

Басқа қаладан келген студенттер мен бітірушілерге жол жүру өтемақысы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынбай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған деректер негізінде төленеді."

54. "Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31505 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 73) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 73) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін айқындайды (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс)".

55. "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31666 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 40) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

56. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органдарына қойылатын талаптарды және орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31902 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану талаптары мен қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органдарына қойылатын талаптарында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптар";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану тәртібін белгілейді.";

2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану тәртібі";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Аккредиттеу органы, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органы Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген аккредиттеу органына қойылатын талаптарға оның сәйкестігін растау үшін уәкілетті органға тану үшін қағаз және (немесе) электронды түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) құрылтай құжаттарының нотариалдық куәландырылған көшірмелері. Құжаттар шетел тілдерінде ұсынылған кезде олардың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы талап етіледі;

3) аккредиттеу органының ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгендігін растайтын құжат;

4) Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген аккредиттеу органына қойылатын талаптардың 3-тармағында көрсетілген материалдық ресурстардың бар екенін растайтын құжаттар;

5) магистр (біреуден артық емес), PhD докторы немесе ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу саласында немесе аккредиттелетін білім беру ұйымының мамандарды даярлау бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат қамтылған аккредиттеу рәсіміне тартылатын сарапшылардың тізімі;

6) аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін аккредиттеу органының аккредиттеу стандарттары (регламенттері);

7) аккредиттеу органының даму бағдарламасы және (немесе) стратегиясы.";

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген Аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптардың 1-7-тармақтарының сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша Кеңес:

1) аккредиттеу органын тану туралы;

2) аккредиттеу органын танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

1-7-тармақтарда көзделген негіздер болған жағдайда уәкілетті орган аккредиттеу органын тану туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ аккредиттеу органды алдын

ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруі үшін тыңдаудың өткізілетін уақыты, орны мен тәсілі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама аккредиттеу органының тану мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Хабарлама (хабархат) тапсырыс хаттың табыс етілгендігі туралы хабарламамен тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе телеграммамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабармен немесе электрондық мекенжай бойынша не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша уәкілетті орган аккредиттеу органын тану туралы не аккредиттеу органын танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген Аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптардың 1-7 тармақтарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда оларды еркін нысанда жою жөнінде ұсынымдар беріледі.

Аккредиттеу органының ұсынымдарды орындау мерзімі оны алған күннен бастап екі айдан аспайды. Осы кезеңде аккредиттеу органын тану мерзімдерін ұзарту үшін өтінішті қарау мерзімі тоқтатыла тұрады.

Ұсынымдарда көрсетілген талаптарға сәйкессіздік толық жойылған кезде Кеңес аккредиттеу органын тану мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ұсынымдарда көрсетілген талаптарға сәйкессіздік толық жойылмаған, ақпарат осы Қағидалардың көрсетілген мерзімнен кеш берілген жағдайларда Кеңес тану мерзімін ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

13-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген аккредиттеу органына қойылатын Талаптардың 6, 7-тармақтарының және Кеңес шешімдерінің орындалмаған;"

5-қосымшада:

4) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Аккредиттеу органының Заңның 5-бабының 83) тармақшасына сәйкес бекітілген Аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптарды орындауын талдау үшін мәліметтер."

57. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32140 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 71) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 71) тармақшасына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ТЖКОБ) оқытудың кредиттік технологиясы (бұдан әрі – ОКТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.".

58. "Мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 195 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33029 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім

беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары қызметінің құнын айқындаудың бірыңғай тәсілін белгілейді."

59. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 57) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 57) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шетелдік білім беру ұйымдарында, оның ішінде олардың филиалдарында, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханаларда білім алған жеке адамдардың орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттарын тану қағидаларының тәртібін айқындайды."

60. "Білім беру қызметінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 17 тамыздағы № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33330 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 88) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

61. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 271 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33355 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 204-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидалары " Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 204-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды."

62. "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34309 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 95) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі (бұдан әрі – Көтермелеу жүйесі) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 95) тармақшасына сәйкес қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, шығармашылық белсенділігі, еңбек қызметіндегі елеулі жетістіктері үшін педагогтер мен білім беру саласының қызметкерлерін (меншік нысанына қарамастан),

сондай-ақ білім беру саласын дамытуға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосқан тұлғалардың еңбегін көтермелеу және ынталандыру мақсатында әзірленді."

63. "Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34996 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 70) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 70) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында ішкі тәртіпті ұйымдастыру мен іске асырудың үлгілік тәртібін айқындайды."

Өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізіміне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2010 жылғы 8 ақпандағы
№ 40 бұйрығымен
бекітілген

Мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай, кешкі оқу, онлайн-оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесі

Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Білім деңгейінің, мамандық және біліктілік коды	Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер жіктеуішіндегі код
1	2	3	4	5
Сырттай оқу нысанында				
03 Әлеуметтік ғылымдар және ақпарат				
032 Журналистика және ақпарат				
0322 Кітапханалық іс, ақпаратты өңдеу және мұрағаттану				
Кітапхана ісі		03220100		
	Кітапханашы	4S03220101	0322	2622-1
05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика				
052 Қоршаған орта				

0522 Қоршаған орта және жабайы табиғат				
Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)		05220100		
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі	4S05220102	0522	2133-1
06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
0613 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және талдау				
Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*		06130100		
	Ақпараттық жүйелер технигі	4S06130105	0613	3122-2
07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары				
071 Инженерия және инженерлік іс				
0711 Химиялық инженерия және процестер				
Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы		07110500		
	Техник-технолог	4S07110502	0711	3118-9
0713 Электротехника және энергетика				
Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)		07130100		
	Техник-электрик	4S07130103	0713	3121
Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары		07130300		
	Техник-жылу энергетигі	4S07130303	0713	3121-9
0714 Электроника және автоматтандыру				
Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)		07140100		
	Техник-электромеханик	4S07140102	0714	3122-2-005
Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар		07140900		
	Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	4S07140902	0714	3522
0715 Механика және металл өңдеу				
Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)		07150100		
	Техник-технолог	4S07150105	0715	3112-1
	Техник-механик	4S07150106	0715	3115
Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)*		07151100		
	Техник-механик	4S07151102	0715	3115
		07151400		

Түсті металдар металлургиясы	Техник-металлург	4S07151404	0715	3117-2
0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері				
Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету		07160500		
	Техник-электромеханик	4S07160503	0716	3121-2
Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*		07161300		
	Техник-механик	4S07161304	0716	3115-9
А у ы л шаруашылығын механикаландыру*		07161600		
	Техник-механик	4S07161604	0716	3115-9
072 Өндірістік және өңдеу салалары				
0721 Тағам өнімдерін өндіру				
Тағам өндірісінің технологиясы*		07211300		
	Техник-технолог	4S07211303	0721	3129
0724 Тау-кенісі және пайдалық азбаларды өндіру				
П а й д а л ы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу		07240100		
	Техник-технолог	4S07240105	0724	3117-1
Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу		07240300		
	Техник-технолог	4S07240303	0724	3117-1
П а й д а л ы қазбаларды байыту (кен байыту)		07240500		
	Техник-технолог	4S07240503	0724	3117-1
073 Сәулет және құрылыс				
0732 Құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс				
Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*		07320100		
	Техник-құрылысшы	4S07320106	0732	3113-1
08 Ауыл, орман, балықшаруашылығы және ветеринария				
081 Ауыл шаруашылығы				
0811 Ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру және мал өсіру				
Агрономия*		08110100		
	Агроном	4S08110103	0811	3142-0-001
082 Орман шаруашылығы				
0821 Орман шаруашылығы				
О р м а н шаруашылығы*		08210100		
	Орман шебері	4S08210103	0821	6210-1

084 Ветеринария				
0841 Ветеринария				
Ветеринария*		08410100		
	Ветеринарлық техникі	4S08410104	0841	3240
	Ветеринарлық фельдшер	4S08410105	0841	3240
10 Қызметтер				
104 Көлік қызметі				
1041 Көлік қызметі				
Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару		10410200		
	Тасымалдауды ұйымдастырушы техникі	4S10410205	1041	4323-9
Кешкі оқу нысанында				
09 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету				
091 Денсаулық сақтау				
0912 Медицина				
Емдеу ісі		09120100		
	Фельдшер	4S09120101	0912	3212-0-006
0913 Науқастарға көмек көрсету (Мейіргерлік іс) және акушерлік іс				
Мейіргер ісі		09130100		
	Ж а л п ы практикадағы мейіргер	4S09130103	0913	3221-0-004
Онлайн-оқу нысанында				
06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
0612 Деректер базасын және ақпараттық желілерді құру және оларды басқару				
Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)		06120100		
	Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	3W06120101	0612	4131-9
	Желілік және жүйелік әкімшілендіру техникі	4S06120102	0612	3512-1
	Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі техник	4S06120103	0612	3112-1
		06120200		
	Аппараттық және бағдарламалық	3W06120201	0612	

Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	қамтамасыздандыру ды қорғау операторы			3512 4132
	Ақпараттық қауіпсіздік технигі	4S06120202	0612	3122-2
0613 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және талдау				
Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)		06130100		
	Бағдарламалық кешен операторы	3W06130101	0613	2512-1
	Web-дизайнер	3W06130102	0613	3122-2
	Бағдарламалық қамтамасыздандыру ды құрастырушысы	4S06130103	0613	2512-2
	Бағдарламалық қамтамасыздандыру ға қызмет көрсету және тестілеу бойынша технигі	4S06130104	0613	3122-2
	Ақпараттық жүйелер технигі	4S06130105	0613	3122-2
Экстернат нысанында				
01 Білім				
011 Білім				
0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау				
Дене тәрбиесі және спорт		01140500		
	Бейімделген дене тәрбиесі нұсқаушысы	4S01140502	0114	3422-3
	С п о р т жаттықтырушысы - оқытушы	4S01140503	0114	3422-1-010
02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар				
021 Өнер				
0215 Музыка және театр өнері				
Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)		02150100		
	Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150101	0215	2652-3 2373-4
	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150102	0215	2652-1 (2652-4) 2373-4
	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (	4S02150103	0215	

	дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы			2652-1 (2652-4) 2373-4
	Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150104	0215	2652-1 (2652-4) 2373-4
		02150300		
Вокалдық өнер*	Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150301	0215	2652-5 2373-4
	Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150303	0215	2652-5 2373-4
	Хор әртісі	4S02150304	0215	2652-9
		02150600		
Цирк өнері	Цирк әртісі, цирк жанрларының оқытушысы	4S02150601	0215	2659-1 2334-0-052

Ескертпе: * ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтар қатарынан кадрлар даярлау көзделген мамандық.

Өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізіміне
2-қосымша

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің)

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында , қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесі

№	Жосықсыз өнім беруші (әлеуетті өнім беруші) туралы ақпарат			Өткізілген конкурс туралы мәліметтер		
	ө н і м берушінің (әлеуетті өнім берушінің) атауы	ө н і м берушінің (әлеуетті өнім берушінің) орналасқан жері	ж е к е сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкес тендіру нөмірі	конкурс қорытындысы н шығару күні	мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында , қосымша білім беретін мектептен т ы с ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыру д ы ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар м е н ата-анасының қамқорлығын сыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін	
						Ө н і м берушіні (әлеуетті өнім берушіні) жосықсыз берушілер (әлеуетті өнім берушілер) тізбесіне қосу негіздемесі, сот шешімінің күшіне енген күні

				және білім алатын балаларды тамақтандыру д ы қамтамасыз етуге байланысты тауарлардың атауы	
--	--	--	--	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК